

УНИВЕРСИТЕТ КӨП, ҚЫЗДАР УНИВЕРСИТЕТІ – ДАРА!

«Тәңір жазса, бұл институт қазіргі және болашақтағы қазақ қыздарының шамшырағына айналады. Осы шамшырақтың жарық сәулесі ешқашан сөнбесін дейік»

Мұхтар Әуезов



Ұлттық рейтинг-2013 көрсеткіші бойынша республикалық үздік 30 ЖОО ішінде 12-орынды, Білім сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тәуелсіз қазақстандық агенттігінің жүргізген зерттеулері бойынша ең үздік 20 ЖОО ішінде 10-орынды иеленсе, Ұлттық рейтинг бойынша педагогикалық жоғары оқу орындары арасында 2-орынға ие болды. Университетіміздің жетістіктері мен үздік көрсеткіштері бағаланып, 2013 жылы «Сала көшбасшысы» Ұлттық сертификаты мен «Еңбек жолындағы тиімділігі үшін» медальдары, «Жыл маманы» атақтары берілді.

Университет алғашқылардың бірі болып кредиттік оқу жүйесіне көшкен, қазірде бакалавриат-магистратура-докторантура нәтижелі жұмыс жасауда.

Оқу сапасы және білім берудегі қызметті көтеру мақсатында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде сапа менеджменті жүйесінің элементтері негізінде автоматтандырылған басқару және білім беру жүйесі жасалынып, оқу үдерісіне енгізілді. «Универ» корпоративтік компьютерлік-коммуникациялық желісі орнатылды.

Білім экономикаға, ғылым индустрияға бағытталған XXI ғасырда Қыздар университеті Қазақстан Республикасы Президенті тапсырмасымен «мәңгілік ел, мәңгілік ұлт» ұлттық

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде 70 жылдық тарихы мен тәжірибесі бар, бәсекеге қабілетті халықаралық деңгейдегі мамандар даярлайтын, қазақ қыздарының «парасат мектебіне» айналған жоғары оқу орындарының бірі болып табылады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың қолдауымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 қыркүйектегі № 847 Қаулысымен

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтына Университет мәртебесі берілді. Университет 2012 жылдың 12 желтоқсанында берілген №12018901 Мемлекеттік лицензия негізінде педагог мамандарды даярлауды: 43 бакалаврлық, 23 магистрлік және 4 докторантура мамандықтары бойынша жүзеге асырады.

Қыздар университеті қазақ қыздарының нағыз шамшырағы аталды. Түлектеріміз білім сәулесін шашып, абыроймен шәкірт тәрбиелеп, ұстаздық етіп жүр. Бұл киелі шаңырақ еліміздің түкпір-түкпіріне педагог мамандарды даярлайтын бірегей оқу орны болып табылады.

идеологиясын қалыптастыруда білім мен ғылымның дамуына сүбелі үлес қоса алатын педагогтер даярлап жатыр. Бүгінде университетте заманауи талаптарға сай кредиттік технология жүйесі негізінде 6 факультетте 43 мамандық бойынша 10 000-ға жуық студент білім алуда.

Университет студенттері жатақхана және үш мезгіл асханадан тегін тамақ ішумен қамтамасыз етілген.

Университет бітірушілерді жұмысқа орналастыру үшін республиканың барлық облыстарының, Алматы және Астана қалаларының Білім Басқармаларымен, қалалық және аудандық жұмыспен қамту орталықтарымен және әлеуметтік қызмет Департаменттерімен тығыз байланыста жұмыс жүргізеді. Бітірушілерді мамандықтарына сай еңбекпен қамту мемлекеттік тапсырыс және келісімшарт бойынша жүзеге асырылады.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті әлемнің көптеген жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс жасап, халықаралық оқу және академиялық ұтқырлық негізінде студенттермен алмасу, машықтанулар өткізуде.

Оған дәлел университет Лондон басқару және ғылым Академиясы (Еуропа, Ұлыбритания, Лондон), Борис Гринченко атындағы Киев университеті, Т. Шевченко атындағы Ұлттық Киев университеті (Еуропа



Украина), Пендидикан Сұлтан Идрис университеті (Азия, Малайзия), Герцен атындағы Ресей мемлекеттік педагогикалық университеті (Еуропа, Ресей, Санкт-Петербург), Кастамону университеті (Еуропа, Түркия), Шяляй университеті (Литва), Экономика, басқару және құқық институты (Ресей, Татарстан), Санкт-Петербург мемлекеттік психология және әлеуметтік жұмыстар институты (Ресей, Санкт-Петербург), Синьцзян педагогикалық университеті (Азия, Қытай), Сумы мемлекеттік университеті (Еуропа, Украина), Чукуров мемлекеттік университеті (Еуропа,

Түркия, Адана қ.), Нигде университеті (Еуропа, Түркия, Нигде қ.), Миссиссипи мемлекеттік университеті (АҚШ, Миссиссипи), Эстония әлеуметтік-гуманитарлық университеті (Эстония, Таллин қ.), Томск политехникалық университеті (Ресей, Томск қ.), Халықаралық педагогикалық білім және ғылым Академиясы (МАНПО) (Ресей, Мәскеу қ.), Ұлтаралық біліктілікті көтеру және ғылыми ақпарат орталығымен тікелей байланыста. (Еуропа, Германия, Дюссельдорф қ.).

Оқыту үдерісін жаңғырту арқылы білім берудің онлайн-жүйелерін дамыту қолға алынауда.

Көптілді оқыту (MOODLE) түріне 16 мамандық ауыстырылды. Политілді білім беру мамандықтарының саны артып келеді. Сонымен бірге университетімізде білім мен тәрбиені қатар алып жүретін Дайындық бөлімі жұмыс жасап, кешенді тестілеуге дайындаудың жаңашыл әдістерін қолданып келеді. Жыл сайынғы көрсеткіштері жоғарылап, нәтижесінде тыңдаушылар жоғары балмен республикамызда ЖОО студенттерінің қатарын толықтырып келеді. Дайындық бөлімінің тыңдаушылары жатақханамен қамтамасыз етіледі.

Бүгінгі таңда университетімізде Лондон Менеджмент және Ғылым Академиясы (LAMS), Миссиссипи





Штатының Мемлекеттік университеті және Честер Ұлыбритания университеттерімен қосдипломды бірлескен бағдарламалар жүзеге асырылып келеді және 2014 жылдың 18 қыркүйекте шетелдік аккредиттелген Лондон, Нигде, Миссисипи, Кастамону 4 ЖОО-мен Халықаралық білім беру мектебі ашылды.

Университетте студент, магистранттар арасында стартап жобасының, студенттік ғылыми-зерттеу жұмыстарының конкурсы өткізіледі.

ЭКСПО-2017 көрмесіне ғалымдарымыз да айтулы үлес қосып, болашақтың энергиясын дамыту аясында университетте 2 бірдей ғылыми жоба жұмыс жасауда. Университетімізде жұмыс берушілермен нәтижелі қарым-қатынас арқасында түлектеріміз толықтай жұмыспен қамтамасыз етіледі.

Қыздар университетінің тәрбие саласы қазақстандық патриотизмді, «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ұлттық идеямызды дәріптеу мақсатында жүргізетін тәрбие жұмыстарының бағыттары, мазмұны, түрі әркелкі. Олар конференция, форум, олимпиада, дөңгелек үстел, диспут-клуб, фестиваль, флеш-моб түрінде өтіп, жас таланттардың патриоттық, құқықтық және рухани-адамгершілік дамуына бағытталған.

Университетте студенттер өзіні өзін басқарады.

Бізде 40 студенттік ұйым мен клуб бар. Студенттеріміз үшін «Хабаршы» ғылыми журналы, «Алашшыл жас» жастар журналы, «Қыздар университеті» газеті, Кіші ғылым академиясы, «Тек қана қыздар» көңілді тапқырлар клубы жұмыс жасайды. Айта кетейік, республика көлемінде үлкен резонанс тудырған,

аруларымызға арналған танымдық «Қыз Жібек» клубы да республикада алғашқы болып университетімізде жұмыс жасай бастады.

Студенттеріміздің ғылым мен білім, өнер мен спорт салаларындағы жетістіктері республикаға белгілі. Соңғы бір жылда 86 студентіміз ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша жүлдегер атанды. Ал спорт көкжиегінде найзағайдай жарқылдаған Майя Манеза, Карина Горичева, Айзада Мұхитова, Әділнұр Дидар және басқа да көптеген жеңімпаз қыздарымызды айтуға болады.

Университетіміздің «Айгүл» вокалды-аспаптар ансамблі, «Ұлар» этно-фольклорлық ансамблі, «Шаттық жыры» ансамблі, драма театры «Жан сарайы», «Өнер жастан» жастар театры, «Тек қана қыздар» көңілді тапқырлар клубы өнерімен университетімізді көпшілікке танытып келеді. Республикалық «Әсеттің әсем әндері-ай» байқауында студентіміз Бексұлу Әбілқасым I орынға, Республикалық Ретро әндері конкурсында студентіміз Бақытжамал Байымбетова II орынға ие болса, магистрантымыз Арай Асқап IV Кенен Әзірбаев атындағы дәстүрлі әндер байқауында Гран-при жеңіп алды. Осы сыйнды қала, облыс, республика, шетел сайыстарында өнерлі қыздарымыздың жүлделі оралуы олардың шынайы таланттарының көрінісі болар.

Университеттегі материалдық және техникалық база дамытылып, студенттердің сапалы білім алуы және ғылыммен айналысуы үшін қажетті заманауи жаңа қондырғылар мен құрылғылар алынып, студенттердің алаңсыз білім алуына барынша жағдай жасалған.



АННОТАЦИЯ

В публикуемом нами материале представлен один из ведущих вузов страны – Казахский государственный женский педагогический университет. Он уникален тем, что функционирует уже более 70 лет, в вузе учатся только девушки, а готовят здесь педагогов высшей квалификации по широкому спектру дисциплин. Выпускники КазГосЖенПУ работают во всех школах, гимназиях, учреждениях социальной сферы, экономики, образования, туризма.